

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 маусымдағы N 991. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына:

аталған қаулының қосымшасындағы "Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" деген VII бөлімдегі, реттік нөмірі 111, мынадай жолдар алынып тасталсын:

Ең төменгі тұтыну	Заң жобасы,	сәуір	Еңбек және әлеу.
бюджеті мен ең төменгі	Үкімет	1997 ж.	метмині, Қаржы.
еңбекақы туралы	қаулысы		мині, Экономмині,
(жаңа редакция)	Әділетмині"		

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы арналған Заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысына:

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған заң жобасы жұмыстарының жоспарындағы реттік нөмірі 37 жолдар алынып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*